


«Келісемін»
Ата-аналар комитетінің төрайымы:



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
..... М.Изатуллаева



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: баланы қорғау-сауықтыру, бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асыру және жүйелі тәрбие беру барысында бестік одақтың жұмысын ұйымдастыру. Оқушыларға жүйелі тәрбие беру жолында барлық ата-аналарды белсенді жұмылдыру үшін түрлі іс-шараларды бірлесіп жоспарлау, ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді жолдарын қарастыру.

Іс-шаралармазмұны	Мерзімі	Жауапты
I. Ата-аналармен ынтымақтастыққа бағытталған әкімшілік ұйымдастыру жұмыстары.		
Мектептің және сыныптың ата-аналар комитетінің құрамын сайлау, жоспарын бекітуге ұсыну	Қыркүйек	ДТЖО С.Жаппаров, Н.Асетова Сынып жетекшілері
Мектепшілік ата-аналар жиналысын өткізу	Қыркүйек Мамыр	ДТЖО С.Жаппаров, Н.Асетова Сынып жетекшілері
Сыныптарда ата-аналар жиналысын өткізу «Мектепке жол», «Қайырымдылық»	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілер
Мектептің материалдық – техникалық базасына көмек түрлерін және демеушілерді ұйымдастыру	Тамыз- Қыркүйек Қаңтар-Ақпан	Мектеп әкімшілігі А.Асетов
Жайсыз отбасылармен жұмыс жүргізу	Кезінде	Қамқоршылық кеңес
	Кезінде	Ата-аналар комитеті
II. Ата-аналармен жүргізілетін зерттеу-талдау жұмыстары		
Тұрмысы төмен, көп балалы, мүгедек отбасынан шыққан, толық емес отбасы тізімін алу	2-30 Қыркүйек	Әлеуметтік педагог А.Асетов
Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген киім-кешектер мен ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімін анықтау	Қыркүйек - Қазан	Арнайы комиссия Ата-аналар комитеті

Жайсыз отбасыларды анықтау	2-30 Қыркүйек	Сынып жетекшілер
III. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру және ағарту жұмыстарын ұйымдастыру		
Жекелеген ата-аналарға психологиялық кеңес беру	Жыл көлемінде	Мектеп педагог-психологы Г.Даданов, Р.Алиханова
Жекелеген ата-аналарға әлеуметтік кеңес беру	Жыл көлемінде	Әліеуметтік педагог А.Асетов
IV. Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, сыныптан тыс жұмыстарға тарту жұмыстары		
2022-2023 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Ата-аналар комитеті
Сыныптардағы ата-аналар комитеттің төрайымымен бірлесіп (себепсіз) оқу үлгерімі, тәртібі нашар оқушылардың үйлеріне рейд ұйымдастыру. Ата-аналармен кездесіп, болған істің себебін анықтау.	Кесте бойынша	Мобильді топ
Мектепте өтетін мәдени шараларға қатысу, көмек көрсету	Жыл бойы	Мәдени шараларға жауапты комитет мүшелелері
Жылдық жұмыс қортындысын сараптау	Мамыр	Ата-аналар комитеті
V. Ата-аналар туралы ақпарат жинақтау жұмыстары		
Ата-аналар комитеті мүшелері жайлы мәлімет жинақтау	Қыркүйек	Ата-аналар комитеті
Тәрбие мәселелері бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек беру (кітапшалар, жадынамалар тарату)	Жыл көлемінде	Сынып жетекшілер Ата-аналар комитет
VI. Ата-аналар комитетінің отырыс тақырыбы		
Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы	Қыркүйек Мамыр	ДТІЖО С.Жаппаров, Н.Асетова Ата-аналар комитетінің төрайымы
Ата-аналар комитеті отырысы №1	Қыркүйек	Ата-аналар төрайымы
1. Ата-аналар комитетінің 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыс		

<p>есебі.</p> <p>2.Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту.</p> <p>3.Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу.</p> <p>4.«Мектепке барар жол» акциясын өткізуді жоспарлау.</p>		<p>С.Жаппаров</p> <p>Н.Асетова</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>А.Асетов, Сынып жетекшілер</p>
<p>Ата-аналар комитеті отырысы №2</p> <p>1. Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу.</p> <p>2.Оқушылардың оқулықпен қамтылуы туралы.</p> <p>3.Жұқпалы аурулардың алдын алу</p>	<p>Қараша</p>	<p>Ата-аналар төрағасы</p> <p>Педагог-психолог Г.Даданов, Р.Алиханова</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>А.Асетов</p> <p>Сынып жетекшілер</p> <p>Медбике Г.Абдулхамидова</p>
<p>Ата-аналар комитеті отырысы №3</p> <p>2.Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу.</p> <p>3.Әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларын білім қорынан көмек көрсету туралы.</p> <p>4. ҰБТ, ОЖСБ-ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмегі</p>	<p>Қаңтар</p>	<p>Ата-аналар төрағасы</p> <p>ДТЖО С.Жаппаров, Н.Асетова</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>А.Асетов</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>Г. Даданов, Р.Алиханова</p>

		Сынып жетекшілер
<p>Ата-аналар комитеті отырысы №4</p> <p>1.«Компьютерге тәуелділіктің алдын алу»</p> <p>2. «Мамандық таңдаудағы балалардың қызығушылығын қалыптастыруына отбасының рөлі»</p> <p>1.Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестігі.</p> <p>2. 2021-2022 оқу жылындағы Мемлекеттік қорытынды аттестацияға дайындығы туралы.</p> <p>3. III тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі</p>	Наурыз	<p>ДТІЖО С.Жаппаров, Н.Асетова</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>А.Асетов</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>Г. Даданов, Р.Алиханова</p> <p>Сынып жетекшілер</p> <p>ОІЖО С.Мирзаханов</p>
<p>Ата-аналар комитеті отырысы №5</p> <p>1.Ата-аналар комитеттерінің жылдық жұмыстарын қорытындылау.</p> <p>2. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру.</p> <p>3. Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындығы</p> <p>4. 2021-2022 оқу жылы бойынша оқу сапасының көрсеткіші</p>	Мамыр	<p>Әлеуметтік педагог</p> <p>А.Асетов</p> <p>Педагог-психолог</p> <p>Г. Даданов, Р.Алиханова</p> <p>Сынып жетекшілер</p> <p>ОІЖО С.Мирзаханов</p>
<p>Құқықтық оқыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР «Неке және отбасы туралы» заңы;ҚР «Бала құқығы туралы» заңы; - ҚР «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз 	Жылына 2 рет	<p>ДТІЖО</p> <p>С.Жаппаров, Н.Асетова</p> <p>Құқық пәні мұғалімі</p>

және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы;

ҮІІ. Оқушылар және олардың ата—аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу мақсатында Құқық бұзушылықтың алдын алу комиссиясының жұмыс жоспары

Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі мүшелерінің отырысы. -2021-2022 оқу жылына құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін құру, жоспарын түзу - Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар есебі - Мектепшілік қадағалауда тұрған оқушылармен жұмыс	Қыркүйек	Кеңес төрағасы және мүшелері
Сабақтан себепсіз көп қалған оқушылар, олардың ата-аналары, заңды өкілдерімен профилактикалық жұмыс жүргізу	Ай сайын	Комиссия мүшелері
Сабақтан себепсіз көп қалған оқушылар туралы сынып жетекшілерінен жазбаша мәлімет алу	Ай сайын	С.Жаппаров, Н.Асетова
Міндетті түрде арналатын құжаттар: 1. сабаққа себепсіз келмейтін оқушыны есепке алу журналы (хаттама, түсініктеме т.б); 2. сабақтан себепсіз көп қалған әр оқушыға жеке құжат; 3. мазмұны көрсетілген шығыс құжаттарын тіркеу дәптері; 4. мектеп әкімшілігінің оқушылардың үйлеріне бару, танысу, бақылау дәптері;	үнемі	Комиссия төрағасы

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У !!!

17 қыркүйек күні сағат 10: 00 – де мектепте жалпы ата-аналар жиналысы болады.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар комитетінің жылдық атқарылған жұмыстарының есебі, комитет төрағасымен мүшелерін қайта сайлау.
2. Баланының бос уақытын қадағалау. (Д. Жунашов.)
3. Ата-аналардың бала тәрбиесіне көңіл аударуы туралы. (Ғ.Даданов, Р.Алиханова.)
4. Мектепшілік және қалалық ІІБ –де есепке алынған балаларға тәлімгер бекіту туралы.
5. Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы. (С.Жаппаров.)
6. Сынып жетекші мекн ата-аналар арасындағы байланыс қалай болуы керек. (А.Басанов)
7. Оқушылар формасы туралы.
8. Түрлі мәселелер.

Ескерту: Барлық сынып жетекшілер қатысуы шарт және ата-аналардың толық қатысуын қамтамасыз етеді.

Мектеп әкімшілігі.

Хаттама №1

«Қос – Қорған» жалпы орта мектебінде 2022 жылы 17 қыркүйек күні жалпы ата – аналар жиналысы болып өтті.

Қатысқандар: Мектеп директоры М.Изатуллаева.

Ата – аналар комитеті төрағасының орынбасары: А.Байпақова.

ДТІЖО: С.Жаппаров, Д.Жунашов.

Қатысқан ата- аналар саны - 94


Күн тәртібінде

1. Ата-аналар комитетінің жылдық атқарылған жұмыстарының есебі, комитет төрағасымен мүшелерін қайта сайлау. (Байпақова А.)
2. Баланының бос уақытын қадағалау. (Д. Жунашов.)
3. Ата-аналардың бала тәрбиесіне көңіл аударуы туралы. (Ғ.Даданов, Р.Алиханова.)
4. Мектепшілік және қалалық ПБ –де есепке алынған балаларға тәлімгер бекіту туралы. (С.Жаппаров.)
5. Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы. (С.Жаппаров.)
6. Сынып жетекші мекн ата-аналар арасындағы байланыс қалай болуы керек. (А.Басанов)
7. Оқушылар формасы туралы. (Н.Асетова.)
8. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Изатуллаева Мехринса апай күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша сөз сөйлеп, жиналысты ашып берді

Бірінші сөзді мектеп директорының тәрбие істері бойынша орынбасары С.Жаппаров алып келген қонақтарды таныстыра келіп, бүгінгі кездесу кешіміздің мақсаты мен міндеттерін таныстырып өтті.



Бірінші мәселе бойынша мектептің тәрбие істер жөніндегі орынбасары С.Жаппаров жаңа 2021 – 2022 оқу жылына ата – аналар комитеті және оның мүшелерін қайта сайлау туралы хабардар етті. Ата-аналар комитетінің төрағасының орынбасары А.Байпақова 2021 – 2022 оқу жылында ата – аналар комитетінің атқарған жұмыстарына тоқталып, оқу жылы барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы баяндама жасады. Ата-аналар өздері іріктеп ата-аналар комитеті төрайымына Ақнұр Байпақованы ұсынды. Көшілік дауысқа салып, барлық ата – аналар бірауыздан А.Байпақованы мектеп ата – аналар комитетінің төрайымы етіп сайлады. Ата – аналар комитеті мүшелеріне орынбасары етіп Д.Абдусаттарованы, мүшелеріне Д.Пайзуллаев, Б.Сайфанова хатшы етіп Э.Курбанбаевті ұсынды. Дауысқа салып, бірауыздан дауыс беріп, сайдады.



Екінші мәселе бойынша ҚББ педагогі Д.Жунашов ата-аналардың балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруы және қадағалау туралы сөз сөйлеп, «Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қадағалау» тақырыбында баяндама оқыды. Өз баяндамасында мектепте оқушыларқызығушылығына қарай түрлі спорттық және пәндік т.б. үйірмелер ұйымдастырылғандығы туралы айтып, оқушыларды осы үйірмелерге тарту жұмыстары жүргізіліп жатқандығын айтып, әр қайсысына жеке – жеке тоқталды.



Үшінші мәселе бойынша ата – аналардың бала тәрбиесіне дұрыс көңіл аударуы, ата-анамен баланың қарым – қатынас психологиясы туралы педагог-психолог Ғ.Даданов сөз сөйледі. Ол өз сөзінде ата-аналармен бала арасындағы қарым-қатынас, баланың қоғамдағы орны, оның ата-анаға деген сүйіспеншілігі туралы айтып, ата-аналардың қатысуы мен трениң өткізді.



Төртінші мәселе бойынша ДТІЖО С.Жаппаров сөз алып, Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы айтып өтті. Жыл барысында атқарылатын жұмыстарға тоқталып, балалардың кешкі сағат 22.00 кейін көшеде ата-аналардың қарауысыз жүруіне болмайтындығы, ата-аналар және мектеп мұғалімдерінен құрылған мобилді топтың атқарған жұмыстарына тоқтала келе, кей бір ата-аналардың балаларының кешкі беймезгіл уақытта көшеде, адамдар көп шұғыланатын жерлерде жүргеніне жауапсыздықпен қараған жағдайлары анықталғандығын айтып өтті. Ол ата-аналармен жеке-жеке тусіндіру жұмыстары жүргізілді. Қай қоғамда болмасын адамзат баласының басты міндеттерінің бірі – ақылды да, саналы, еңбек сүйгіш тұлға тәрбиелеу. Қай халық болмасын ұрпағының адал да, әділ, ержүрек те қайырымды, ар-ұяты мол елжанды азамат болғанын қалайды. Осы мақсатта халық өзінің ғасырлар бойы жасап, әріден келе жатқан әдет-

ғұрпына, салт-дәстүріне арқа сүйейді. Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген бағдарлы ойларын басшылыққа ала отырып, халықымыздың мол рухани мұрасын оқушы бойына сіңіре білу кез келген тәрбиеші – ұстаз, ата-ана, қоғамдық ұйымдардың міндеті.- деп өз сөзін аяқтады. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, өрт және жол-көлік қауіпсіздік мәселелері кеңінен айтып түсідіріліп, танысқандығы туралы қол қойдырылып алынды.

Бесінші мәселе бойынша 10А –сынып жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, «Сынып жетекші мен ата-аналар арасындағы байланыс қалай болуы керек» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында ата-аналардың мектептегі алатын орны, сынып жетекшінің ата-аналармен байланыс жасау жолдары, ата-аналардың міндеттері туралы кеңінен түсіндіріп, әңіме жүргізді.



Алтыншы мәселе бойынша ДТІЖО Н.Асетова 2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы айтып, ата-аналармен келісілген, барлығы көріп талқыланған мектеп формасы – қою көк түсті шалбар, ақ көйлек ұл балаларға, қыздарға қою көк түсті юбкамен ақ кофта деп белгіленгендігі туралы айтып өтті.

Жарыс сөзге шыққан ата-аналар С.Қурбанбаев, мүшелері: А. Байпақова, Д.Пайзенова, Г.Жунашова, Ғ.Егембердиев өздерінің оң пікірін білдіріп, жоғарыда айтылған мәселелерге өз ұсыныстарын қосып, толығымен қолдайтындықтарын білдірді.

Қортынды сөзді ДТІЖО С.Жаппаров алып, ата-аналарға бала құқығы, баланың алдындағы ата-ананың міндеттерін білу, заңды білу және заңға бағыну әр бір Қазақстан Республикасы азаматының парызы. Қазақстан елі тәуелсіздік алған аз уақыт ішінде еліміз таңғажайып табыстарға қол жеткізіп, қарқынды даму үстінде. Осындай мүмкіндікті пайдаланып, балаларымыз

жақсы оқып, еліміздің дамуына үлес қосатын азамат болулары керек. –деген сөзбен қортындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жаңа 2022-2023 оқужылына ата – аналар құрамы төмендегідей болып бекітілсін:
 1. А.Байпақова – төрайым
 2. Д.Абдусаттарова - орынбасары
 3. Д.Пайзуллаев - мүшесі
 4. Б.Сайфанова - мүшесі
 5. Э.Курбанбаев – хатшы
2. . Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қадағалау ата-аналар мен сынып жетекшілерге жүктелсін.
3. .
4. Ата-аналардың бала тәрбиесіне көңі аударуы және баланың мінез құлықында өзгерістерді байқау мақсатында ата – аналар мен мектеп арасында тығыз байланыс орнатылсын.
5. Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігін насихаттау ата – аналар мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.
6. Мектеп оқушыларына, қою көк түсті шалбар мен ақ көйлек ұл балаларға, қою көк түсті юбка мен ақ кофта қыз балалар үшін 2022-2023 оқу жылында оқушылар формасы етіп белгіленсін.

Жиналыс төрағасы:  М.Изатуллаева.

Хатшысы: Г. Шакарова.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту орталығы

Қос-қорған жалпы орта мектебі

Баяндама

Тақырыбы: Бала құқығы – адам құқығы

Орындаған: С.Жаппаров

2022-2023 оқу жыл

Тақырыбы: Бала құқығы – адам құқығы

Қоғам үшін ең бастысы - тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі - заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық - адам бостандығы. «Адам құқығы, бала құқығын қорғаудан басталады»

Міне, адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап, оны өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар.

Балалар, ересектер сияқты, негіз қалаушы: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіде көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Қазақстанның қолдануында іс-әрекеттер жасаудың белгілі құқықтық негізі - Балалар құқықтары туралы Конвенция бар, дегенмен, нақты міндеттемелерге келер болсақ, жалпы алғанда мемлекет, әлеуметтік қызметтер, құқық қорғау органдарының ресми тұлғалары, қоғам, БАҚ, отбасы тарапынан күннен-күнге тиісті жауапкершілікпен қарауы байқалмай келеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне сәйкес кәмелетке толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген басқа адам, сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәмелетке толмаған баланы қадағалау міндеттелген басқа да мекеменің қызметкері тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін атқармағаны немесе жөнді атқармағандығы үшін шара қолдануды қамтиды.

Еліміз бойынша соңғы жылдары сот шешімімен балаларын бағып-қағу міндеттерін орындамаған үшін, саны мыңнан асқан ата-ана ата-аналар құқығынан айрылды, сонымен қатар, ата-аналар әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа да тартылып жатыр.

Балаларға, әсіресе кішкентай балаларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмайды. Соңғы жылдары БАҚ-та балаларға қауіп-қатер сыртта жүргенде бөгде адамдар тарапынан төнеді деген жалған пікір қалыптастыру үрдісі байқалуда.

Адам құқықтары жөніндегі қазіргі бар құқықтық құжаттар негізгі мәні балалық проблемасы болып табылатын, осы проблемаларға қатысты талқылануы мүмкін өзінің жиынтығында үлкендер қалай қорғалса, балаларды да солай қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп

арасындағы балалар объектісі болатын дене жарақаттары мен басқа да адамгершілікке жат және қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас ұзақ уақыт сақталып келеді және белгілі бір шыдамды қоғамда осы күнге дейін сақталып келеді, олай болса, БҰҰ Баланың құқықтары жөніндегі комитеті, атап айтқанда, «балалар мектеп табалдырығын аттай отырып, өздерінің адамдық құқықтарын жоғалтпайды» деп атап көрсетті.

Сондай-ақ зорлық-зомбылық, дәлірек айтқанда, зорлық-зомбылықтың әр түрлі түрлері мұғалім/оқушыларға қатысты оқу орнына, білім деңгейіне және т.б. тән, мектепте қандай да бір ерекше феномен ретінде қадағаланбайтындығын атап өткен жөн, ол қоршаған жағдайларға, атап айтқанда, экономикалық, әлеуметтік, саяси факторларға, отбасындағы жағдайға байланысты болмай отыр, зорлық-зомбылықтың (оның әр түрлі нысандарының) пайда болуы ретінде де, оны ескерту ретінде де жәрдемдесуі мүмкін. Сондықтан зорлықтың түрлі нысандарының пайда болу себептері туралы мәселеге мектептің ерекше түпмәтіні ретінде қарауға болмайды, өйткені керісінше оны талдау үшін интербелсенді, жүйелі көзқарас қажет. Мектеп арасындағы шеңберден тыс зорлық-зомбылық проблематикасын қараған кезде мектеп тыйым салған мектепте жүзеге асырылатын алдын алу немесе қуғын-сүргін шаралары шығады деп түсінуді білдіреді және мұның зорлықты тудыратын экономикалық, әлеуметтік, отбасылық және мәдени проблемалардың түпмәтінінен толық үзіп алынуына қарай болмашы ғана қызығушылықты білдіруі мүмкін.

Мемлекет қызметі мен отбасыларды мемлекеттік қолдау бала отбасында және одан тыс тап болатын зорлық көру қаупін мұқият және жан-жақты бағалау негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Меннің ойымша білім беру органдары, атап айтқанда, орта білім беру орындарының әкімшіліктері тиісті дәрежеде оқушылардың дене жарақатымен келуін, оқушылардың мектептерге келмеуін, олардың үлгерімінің төменділігін анықтамайды, әлеуметтік тәуекел отбасыларындағы оқушылармен алдын алу және ағартушылық жұмыс жүргізеді, ішкі істер органдарымен, прокуратурамен, халықты әлеуметтік қорғау органдарымен қазіргі таңда балаларды зорлық-зомбылықтан арылтуға қоян-қолтық өзара іс-қимылы жасауда.

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У !!!

28 желтоқсан күні сағат 10: 00 – де мектепте жалпы ата-аналар жиналысы
болады.

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдық қортындысы бойынша оқушылардың жеткен жетістіктері, олимпиада, түрлі байқаулар және спорттық жетістіктері туралы. (Ш.Жаппаров)
2. I жарты жылдық қортындысы бойынша оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, тазалық пен мектеп формасы және оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу жұмыстары, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы. (С.Жаппаров,Н.Асетова)
3. Жаңа жыл қарсаңында оқушылардың түрлі жарылғыш пиротехникалық заттардан сақтану ,қысқы демалыс кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауын назарға алу туралы.(С.Жаппаров,Н.Асетова)
4. Түрлі мәселелер.

Ескерту: Барлық сынып жетекшілер қатысуы шарт және ата-аналардың толық қатысуын қамтамасыз етеді.

Мектеп әкімшілігі.

Хаттама №2

2022 жылы желтоқсан айының 28 -і күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде мектеп ұжымы және ата-аналар арасында жиналыс болып өтті.

Қатысқандар: 72

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы – А.Байпақова
2. Мектеп директоры – М.Изатуллаева

Күн тәртібі:

1. I жарты жылдық қортындысы бойынша оқушылардың жеткен жетістіктері, олимпиада, түрлі байқаулар және спорттық жетістіктері туралы. (Ш.Жаппаров).
2. I жарты жылдық қортындысы бойынша оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, тазалық пен мектеп формасы және оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу жұмыстары, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы. (С.Жаппаров)
3. Жаңа жыл мерекесі және жаңа жыл мерекесі қараңында оқушылардың түрлі жарылғыш пиротехникалық заттардан сақтану, қысқы демалыс кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауын назарға алу туралы. (С.Жаппаров, Н.Асетова)
4. Түрлі мәселелер.

Барысы:

Бірінші сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров алып, келген қонақтарды таныстыра келіп, бүгінгі кездесу кешіміздің мақсаты мен міндеттерімен таныстырып өтті.





1. Бірінші мәселе бойынша директордың бейіндік оқыту істері жөніндегі орынбасары Ш.Жаппаровқа сөз берілді . Ол өз сөзінде 2022 – 2023 оқу жылының I жарты жылдығы барысында оқушыларымыздың түрлі оқу жарыстардан, жеке шығармашылықтар, өнер сайыстары, олимпиадалардан алынған жүлделі орындары, спорттық жарыстардан алынған жүлделерге тоқталып, оқу жылы барысындағы оқушыларымыздың жетістері туралы толығымен мәлімет берді. Оқушылардың осындай Республикалық, аудандық жүлделі жетістіктерге жетуі үшін ұстаздары жетекшілік етіп, атқарып жатқан жұмыстарына тоқталып өтті. : «Еліміздің дамуына үлес қосатын білімді және мәдениетті , парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздар мен ата-аналардың да негізгі міндеті болып саналатындығын айтып өтті.



2. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – С.Жаппаров сөз кезегін алып, жасөспірімдер арасында қылмыс және құқықбұзушылықты болдырмау және оныналдын алу мақсатында мектеппен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейтіп, үнемі назарда ұстап отырғандығын айтып өтті. Мектеп мұғалімдері және ата-аналардан құрылған «мобильдік топ » және «жас полицейлер» топтарының атқарып жатқан жұмыстарын қысқаша айтып өтті .

Тәрбие мәселесі қай кезде де оңай болмағанын ойласақ, қазіргі кезде бұған екі, үш есе жауапкершілік қажет етіледі . Қазіргі таңда оқушылар ата-анасын

алдап –оқуға кеттім - деп, қылмыс жасау, ұрлық жасау, бір-бірін қорқытып тонау жайында көптеген мысалдар келтіруге болады , Осындай әрекеттерден аулақ болып, тек қана білім алуға ұмтылу керек » -, деді

Бұл жиналыста көрші қалаларда , елді мекендерде болып жатқан түлі қылмыстық істер және жас жасөспірімдердің қылмыс жасағанда қандай жазаға тартылатыны жайында шыққан жаңа заңда кемелетке толмаған баланың кешкі сағат 21.00 ден кейін көшеде ата-аналарынсыз қолға түскен жағдайда жазаға тартылатынын айтып өтті .

Осы орайда атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып өтті .



3. Үшінші мәселе бойынша ДТІЖО С.Жаппаровқа сөз берілді .Ол өз сөзінде жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , бейбірекет ойнауы, қалтарыстан жолға шығу салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина, дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады . Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тындап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. «Үлгілі, тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды» - деген әңгімелер айтып, алда келе жатқан «Жаңа жыл» мерекесі қарсаңында

оқушылардың түрлі жарылғыш заттардан сақтану, қысқы демалыста өмір қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауын ата-аналар мен біргелесіп назарда ұстау жұмыстарын жүргізге шақырды.

Ата-аналар арасында бірнеше сұрақтар қойылып, оларға мектеп әкімшілігі тарапынан жауап беріп отырды. Мектеп әкімшілігі қонақтарға уақыттарын бөліп келгендеріне алғыстарын айтып, жұмыстарына сәттілік тілеп шығарып салды.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

М.Изатуллаева.

Э.Қурбанбаев.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2019 -2020 оқу жылдығында оқушылар арасында құқықбұзушылықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында жүргізілген

жұмыстардың

АНЫҚТАМАСЫ

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспекті болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарасты қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмыстары қолға алынған. Бұл «Неке және отбасы туралы», «Отбасылық үлгідегі балалар деревнялары және жасөспірімдер үйлері туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Еңбек туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Дене тәрбиесі және спорт туралы» заңдары кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ішкі істер органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер және т.б.

Қай қоғамда болмасын адамзат баласының басты міндеттерінің бірі – ақылды да, саналы, еңбек сүйгіш тұлға тәрбиелеу. Қай халық болмасын ұрпағының адал да, әділ, ержүрек те қайырмды, ар-ұяты мол елжанды азамат болғанын қалайды. Осы мақсатта халық өзінің ғасырлар бойы жасап, әріден келе жатқан әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне арқа сүйейді. Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - десе, ал қаламгер, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Тәртіке ійген – құл болмас» - деген бағдарлы ойларын, және тәрбие кешенді бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, халқымыздың мол рухани мұрасын оқушы бойына сіңіре білу кез келген тәрбиеші – ұстаз, ата-ана, қоғамдық ұйымдардың міндеті. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында мектептегі тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелеріне арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасыда көрсетілген бағыттар жүзеге асырылуда.

2022-2023 жаңа оқу жылы «**Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық**» тақырыбында ашық тәрбие сағаттармен басталды.

Мектебімізде құқықтық тәрбиесін қалыптастыру мақсатында атқарылатын жұмыстардың жылдық жоспары жасалынып бекітілген. Жоспар аясында мектепте құқықтық бұрыштар жасалған, әр аптаның жұма күні барлық сыныптарда құқықтық оқулар өткізіледі. Жасөспірімдер мен балалар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында сыныптарда «**Заңның негізі-адамгершілік**», «**Қылмыстың өтеуі жаза**», «**Өз құқығыңды білесің бе?**», «**Заң және жасөспірім**», «**Өз заңым-өз арым**», «**Бала құқығы**», «**Зиянды әдеттің алдын алу**», «**Заң білмеген зардап шегеді**», «**Достарға деген көз-қарас**» т.б. тақырыптарда сынып сағаттары, тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың сабаққа қатысуы, сабаққа кешікпей келуі, сабақтарға дайындықпен келуі, мектепте және сыртқы достарымен қарым-қатынасы үнемі назарда болып отырады. Дегенмен сабаққа кешігіп келетін, сабақты көп қалдыратын оқушыларымыз да жоқ емес. Қосымша тәлімгерлер тарапынан күнделікті сабаққа келуін, тәртібін қадағалау барысында күнделіктер жүргізіліп отырылады. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында оқушылар үйірмелерге тартылған. Мектепте оқушылар мен пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен қарым-қатынас орнатып әңгімелер жүргізіп отырады. «**Бала дамуының ерекшелігін сараптау**», «**Қарым-қатынасқа икемділігін зерттеу**», «**Өзіңді бақылай аласың ба?**» тақырыптарында анкеталық, тесттік жұмыстар алынып отырылады. Мектепте өткізілетін түрлі патриоттық, спорттық іс-шараларға оқушылар тарылып отырылады. Жасөспірімдер мен балалар арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында, оқушыларға түсіндірме жұмыстарың жүргізу үшін Сауран АПБ-ның ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция лейтейнанты **Әмірбек Елнұрбек Ергешұлымен** тақырыптық кездесулер ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар мен жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы түсіндіру насихаттау жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге мектепішілік мобилді топ құрылған, топтың түнгі кезде рейдтерге шығу кестесі жасалған, кесте бойынша түнгі кезде ауылда адамдар көп шоғырлвнатын жерлерге рейдтер ұйымдастырылып отырылады. Аптаның әр дүйсенбі күндері оқушылардың мектеп формасы, әр сәрсенбі күндері оқушылардың тазалығы жауапты адамдар тарапынан рейдтер ұйымдастырылып тексеріледі. Анықталған кемшіліктер дер кезінде ескертіліп, жойылады.

директоры :
Басанов

Оқу жылының басынан мектепшілік және аудандық КТІЖБ-не тіркелген оқушы жоқ.

Ұсыныс:

1. Оқушыларға құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқытудың кешенді бағдарламасын орындау жұмысары жандандырылсын.
2. Оқушылардың сабаққа келу мен мектеп ережесін, мектеп формасын сақтауы сынып жетекшілерінен талап етіле отырып, алдағы уақытта қандағалау жұмыстары күшейтірілсін.
3. Қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасында қылмыстың көбеюі олардың заң жауапкершілігін түсінбеуінен туындап отыруына байланысты, олардың құқықтық білімін арттыру мақсатында апталық құқықтық оқулар, сынып сағаттары ұйымдастырылсын.

Дайындаған: С.Жаппаров.

Хаттама №

«Қос – Қорған» жалпы орта мектебінде 2021 жылы 16 қыркүйек күні жалпы ата – аналар жиналысы болып өтті.

Қатыскандар: Мектеп директоры М.Изатуллаева.

Ата – аналар комитеті төрағасының орынбасары: А.Байпақова.

ДТІЖО: С.Жаппаров, Д.Жунашов.

Қатысқан ата- аналар саны - 94

Күн тәртібінде

1. Жаңа 2021 – 2022 оқу жылына ата – аналар комитеті және оның мүшелерін қайта сайлау.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтің 2021 жылғы 1 қыркүйек күні «Халық бірлігі және реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбында Қазақстан халықна жолдауын насыхаттау. А.Басанов.
3. Оқу процесі барысында санитарлық – эпидемиологиялық ережелермен нормалардың талаптарын сақтау. Г.Абдулхамидова.
4. Ата – аналар мен баланың қарым – қатынас психологиясы. Ғ.Даданов.
5. Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы. С.Жаппаров.
6. Оқушылардың ыстық тамақпен қамытылуы және жалпыға бірдей білім беру ұйымы тарапынан берілген оқушылар формасы туралы. А.Асетов.
7. Түрлі мәселелер

Тындалды:

Бірінші сөзді мектеп директорының тәрбие істері бойынша орынбасары С.Жаппаров алып келген қонақтарды таныстыра келіп, бүгінгі кездесу кешіміздің мақсаты мен міндеттерін таныстырып өтті.



Бірінші мәселе бойынша мектептің тәрбие істер жөніндегі орынбасары С.Жаппаровжаңа 2021 – 2022 оқу жылына ата – аналар комитеті және оның мүшелерін қайта сайлау туралы хабардар етті. Ата-аналар өздері іріктеп ата-аналар комитеті төрағасына С.Қурбанбаевты ұсынды. Көшілік дауысқа салып, барлық ата – аналар бірауыздан С.Қурбанбаевті мектеп ата – аналар комитетінің төрағасы етіп сайлады. Ата – аналар комитеті мүшелерін өзгертпей өз орындарында қалуыны айтып оларды да бірауыздан қолдап, өз орындарында қалып жұмыстарын жалғастыруларына ұсыныс берді. Дауысқа салып, бірауыздан дауыс беріп, сайдады.



Екінші мәселе бойынша мектеп директоры Изатуллаева Мехринса апай күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша сөз сөйлеп, жиналысты ашып берді. Ол өз сөзінде Президентіміз Қасым –Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халқына жолдауын, бүкіл әлемді алаңдатып отырған пандемиямен күрес жолдарын, оның елімізге алып келген зардабы мен өзгерістерін айтып өтті. Президенттің халқына жолдауы бойынша мектептің тарих пәні мұғалімі А. Басанов баяндама жасады. Өз баяндамасында жолдаудың 7 мәселе, 5 –бастамадан тұратындығын айтып, әр қайсысына жеке – жеке тоқталды.



Үшінші мәселе бойынша Оқу процесі барысында санитарлық – эпидемиологиялық ережелермен нормалардың талаптарын сақтауды Г.Абдулхамидова айтып өтті.



Төртінші мәселе бойынша Ата – аналар мен баланың қарым – қатынас психологиясы. Ғ.Даданов сөз сөйледі.



Бесінші мәселе бойынша ДТЖО С.Жаппаров сөз алып, Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі туралы айтып өтті. Жыл барысында атқарылатын жұмыстарға тоқталып, балалардың кешкі сағат 22.00 кейін көшеде ата-аналардың қарауысыз журуіге болмайтындығы, ата-аналар және мектеп мұғалімдерінен құрылған мобилді топтың атқарған жұмыстарына тоқтала келе, кей бір ата-аналардың балаларының кешкі беймезгіл уақытта көшеде, адамдар көп шұғыланатын жерлерде жүргеніне жауапсыздықпен қараған жағдайлары анықталғандығын айтып өтті. Ол ата-аналармен жеке-жеке тусіндіру жұмыстары жүргізілді. Қай қоғамда болмасын адамзат баласының басты міндеттерінің бірі – ақылды да, саналы, еңбек сүйгіш тұлға тәрбиелеу. Қай халық болмасын ұрпағының адал да, әділ, ержүрек те қайрымды, ар-ұяты мол елжанды азамат болғанын қалайды. Осы мақсатта халық өзінің ғасырлар бойы жасап, әріден келе жатқан әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне арқа сүйейді. Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген бағдарлы ойларын басшылыққа ала отырып, халықымыздың мол рухани мұрасын оқушы бойына сіңіре білу кез келген тәрбиеші – ұстаз, ата-ана, қоғамдық ұйымдардың міндеті.- деп өз сөзін аяқтады. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, өрт және жол-көлік қауіпсіздік мәселелері кеңінен айтып түсіндіріліп, танысқандығы туралы қол қойдырылып алынды.

Алтыншы мәселе бойынша мектебіміздің Әлеуметтік педагогі А.Асетов оқушылардың ыстық тамақпен қамытылуы және жалпыға бірдей білім беру ұйымы тарапынан берілген оқушылар формасы туралы айтып өтті



Жарыс сөзге шыққан ата-аналар С.Қурбанбаев, мүшелері: А. Байпақова, Д.Пайзенова, Г.Жунашова, Ғ.Егембердиев өздерінің оң пікірін білдіріп, жоғарыда айтылған мәселелерге өз ұсыныстарын қосып, толығымен қолдайтындықтарын білдірді.

Қортынды сөзді ДТЖО С.Жаппаров алып, ата-аналарға бала құқығы, баланың алдындағы ата-ананың міндетерін білу, заңды білу және заңға бағыну әр бір Қазақстан Республикасы азаматының парызы. Қазақстан елі тәуелсіздік алған аз уақыт ішінде еліміз таңғажайып табыстарға қол жеткізіп, қарқынды даму үстінде. Осындай мүмкіндікті пайдаланып, балаларымыз жақсы оқып, еліміздің дамуына үлес қосатын азамат болулары керек. –деген сөзбен қортындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жаңа 2021-2022 оқужылына ата – аналар құрамы төмендегідей болып бекітілсін:
 1. С.Қурбанбаев – төраға
 2. А.Байпақова - мүшесі
 3. Д.Пайзенова - мүшесі
 4. Г.Жунашова - мүшесі
 5. Ғ.Егембердиев – хатшы

2. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдаундағы атап өтілген барлық бастамалар, мектеп ұжымы, ауыл тұрғындары, ата – аналар, оқушыларға, келешек ұрпаққа насихаттау, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
3. Оқу процесі барысында санитарлық – эпидемиологиялық ережелерімен нормалардың талаптарын сақтау қағидаларын ата – аналар мен оқушылар арасында кеңінен насихаттау жұмыстары жүргізілсін.
4. Баланың мінез құлықында өзгерістерді байқау мақсатында ата – аналар мен мектеп арасында тығыз байланыс орнатылсын.
5. Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу, жол көлік қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігін насихаттау ата – аналар мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.
6. Оқушылардың ыстық тамақпен қамытылуына және жалпыға бірдей білім беру ұйымы тарапынан оқушылар формасына бөлінген бағалы және заттай берілген мектеп формаларын үйлестірілуі назарда ұсталсын.

Жиналыс төрағасы:



М.Изатуллаева.

Хатшысы.

Х.Нарзулла.



Заң талаптарын САҚТА! Өміріңе немқұрайлы қарама!

117-бап. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттері орындалмау.

1. Ата-анасын немесе басқа да жауапкершілікке кәмілетке толмаған балаларды тәрбиелеу және (немесе) оларға білім беру олардың құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ оларға құтпм және құтпм бағу жөніндегі міндеттері орындалмау – он айыппен есептік көрсеткіш міндетінде айыппұл салуға алып келеді.

440-бап. Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу.

2. Он сегіз жасқа толмаған адамдардың қоғамдық орындарға масан күйде келуі, сол сияқты олардың алкогольдік ішімдіктерді ішуі – ата-анасына немесе оларды асыраушы адамдарға бес айыппен есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

442-бап. Қызығушылықпен қарамайтын адамның өміріндегі өзіндік шешімдерін қабылдауға қабілетін арттыру және олардың өміріндегі өзіндік шешімдерін қабылдауға қабілетін арттыру.

1. Қызығушылықпен қарамайтын адамның өміріндегі өзіндік шешімдерін қабылдауға қабілетін арттыру және олардың өміріндегі өзіндік шешімдерін қабылдауға қабілетін арттыру – он айыппен есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.
2. Қызығушылықпен қарамайтын адамның өміріндегі өзіндік шешімдерін қабылдауға қабілетін арттыру және олардың өміріндегі өзіндік шешімдерін қабылдауға қабілетін арттыру – он айыппен есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

«Қиын» оқушылардың шығуына үш фактор себепші болады:

Құқық

бұзушылыққа

ЖОЛ ЖОҚ!

Өйткені, біз бақытты
бейбіт елде өмір сүреміз!

Жаңа тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы (ұрыс-талас, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы, т.б.)

Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жіберілген қате-кемшіліктер (жеке оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, талап-тілегін ескермеу)

Жұртшылықтың тәрбие үрдісіне толық көңіл болмеуі

442-бап



442-бап



Ата – ана назарына!

Өз балаңыздың өмірі –
өз қолыңызда!

Бала еңбегін
қанамаңыз!

Сақ болыңыз,
мобильді топ рейдте!



Кентау қалалық ювеналды ПОЛИЦИЯ ТОБЫ бізбен бірге!



Ұйымдастыру алқасы: Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімі,
Кентау қалалық ювеналды полиция тобы

Хаттама № 5

2022 жыл мамыр айының 18-і күні оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру мақсатында «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті.

- Қатысқандар:
1. Ата-аналар - 128
 2. Ата-аналар комитетінің төрағасы С.Қурбанбаев
 3. Мектеп директоры М.Изатуллаева.
 4. Оқу істері бойынша директор орынбасары С.Ахмедова
 5. Директордың тәрбие істері бойынша орынбасарлары
С.Жаппаров, Н.Асетова

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылының қортындылары туралы хабардар ету және ата-ананың педагогтермен кездесіп өзінің баласы туралы толық ақпаратты, оның пәндер бойынша үлгерімін, сабаққа қатысуын, сондай-ақ жетістіктері туралы ақпарат алуға мүмкіндік беру, жазғы мектепті ұйымдастыру. Емтихан және ҰБТ мәселелері туралы. (С.Ахмедова)
2. 2022 оқу жылының қортындысы: а) 25 мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу, мектеп бітіруші сынып оқушыларына аттестаттарын беру салтанаты. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін тусіндіріп, насихаттау.
б). Жаңа 2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формалары туралы.
в). Оқушылардың жазғы демалысы және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру. С.Жаппаров.
3. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу
С.Жаппаров.
4. Мектеп ата-аналар комитетінің өрағасының жылдық есебі және ата-аналар комитетінің төрағас мен мүшелерін қайта сайлау. С.Қурбанбаев.

Тыңдалды:

Бірінші сөзді мектеп директорының тәрбие істері бойынша орынбасары С.Жаппаров алып келген қонақтарды таныстыра келіп, бүгінгі кездесу кешіміздің мақсаты мен міндеттерін таныстырып өтті.



Бірінші мәселе бойынша мектептің оқу ісі меңгерушісі С.Ахмедова 2021-2022 оқу жылының қортындылары туралы хабардар етті. Ол өз сөзінде мектепте оқушыларға жазғы мектеп 17.06.2022 ж. днйін жалғасатындығын айтып, қай пәндерден сабақтар жүргізілетіндігін айтып түсіндірді. Ата-ананың педагогтермен кездесіп өзінің баласы туралы толық ақпаратты, оның пәндер бойынша үлгерімін, сабаққа қатысуын, сондай-ақ жетістіктері туралы айтып өтті. Мектеп бітіруші оқушыларының ҰБТ ға қатысатын оқушылардың ата-аналарына да тестке дайындық жұмыстары және оқушылардың жетістіктерімен, мүмкіндіктері туралы айтып өтті. Сөз барысында оқушылардың сыныптан – сыныпқа кошу емтихандары туралы, оған дайындық жұмыстары, консультациялар кестесімен таныстырып, қосымша сабақтар жүргізіліп жатқандығын айтты.




Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие істері бойынша орынбасары С.Жаппаров сөзге шықып, оқу жылының аяқтау бойынша жыл қортындысын 25 мамыр «Соңғы қоңырау» салтанатты жиынды атап өткізу туралы айтып өтті. Мектеп бітіру кеші, жазғы мектепті ұйымдастыру. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін түсіндіріп, айтып өтті. Мектеп бітіруші кештерінің ресторанда, кафелерде, басқада көңіл көтеретін орындарда өткізуге және мектеп әкімшілігі мен педагог қызметкерлерге сыйлық алу үшін акша жинауға қатаң тыйым салынатындығы туралы да айтып түсіндірді. Іс-шара барысында «Жеңіл афтокөліктер шеруін» ұйымдастыруға және табиғат аясына шығуларына тыйым салу, кешкі меймезгіл уақытта ойын-сауық мекемелерінде жүруінің алдын алу мақсатында ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен бірлесе отырып тәуліктік рейд жұмыстары ұйымдастырылатындығын айтып түсіндірді. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, өрт және жол-көлік қауіпсіздік мәселелері кеңінен айтып түсіндіріліп, танысқандығы туралы қол қойдырылып алынды.

а). 2022-2023 жаңа оқу жылында оқушылардың мектеп формасына тоқталып, жылдағы оқушыларымыздың киіп жүрген формаларын айтып, быйылғы оқу жылында жаңадан, «Алатау текстиль» фирмасының оқушыларға арналған бірыңғай мектеп формасы туралы айтып, ата-аналардың келісімі мен келесі оқу жылында балаларына сол форманы алып берулерін ұсынды. Ата-аналар, көпшілік бірауыздан осы пікірді қолдады.

б). Жазғы кезеңде оқушылардың демалысын ұйымдастыру мәселесіне келе, балаларымыздың жазғы демалыста сауықтыру жұмыстарын жоспарлау мәселесін дұрыс жоспарлау, жазғы оқушылар лагерлеріне жіберу т.б. жайлы айтып түсіндірді. Демалыс кезінде түрлі саяхат және жорықтарға, сапарларға шыққанда балалардың өмір қауіпсіздігін ескере отырып, суға шомылу, өрт жағдайлары, жол-көлік оқиғалары т.б. техника қауіпсіздік ережелерін сақтауларын назарда ұстау керектігін түсіндірді.

3. Төртінші мәселе, бойынша ДТІЖО С.Жаппаров сөз алып, оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жыл барысында атқарылған жұмыстарға тоқталып, балалардың кешкі сағат 22.00 кейін көшеде ата-аналардың қарауысыз жүруіге болмайтындығы, ата-аналар және мектеп мұғалімдерінен құрылған мобилді топтың атқарған жұмыстарына тоқтала келе, кей бір ата-аналардың балаларының кешкі беймезгіл уақытта көшеде, адамдар көп шұғыланатын жерлерде жүргеніне жауапсыздықпен қараған жағдайлары анықталғандығын айтып өтті. Ол ата-аналармен жеке-жеке түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қай қоғамда болмасын адамзат баласының басты міндеттерінің бірі – ақылды да, саналы, еңбек сүйгіш тұлға тәрбиелеу. Қай халық болмасын ұрпағының адал да, әділ, ержүрек те қайырымды, ар-ұяты мол елжанды азамат болғанын қалайды. Осы мақсатта халық өзінің ғасырлар бойы жасап, әріден келе жатқан әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне арқа сүйейді. Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген бағдарлы ойларын

басшылыққа ала отырып, халықымыздың мол рухани мұрасын оқушы бойына сіңіре білу кез келген тәрбиеші – ұстаз, ата-ана, қоғамдық ұйымдардың міндеті.- деп өз сөзін аяқтады.



4. Төртінші мәселе бойынша мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы С.Қурбанбаев сөз кезегін алып, мектеп ата-аналар комитетінің 2021-2022 оқу жылы барысындағы атқарылған бір жылдық жұмыстарының есебін баяндады. Баяндама қанағаттанарлы деп бағаланды. Келесі жаңа оқу жылына ата-аналар комитеті және мүшелерін сайлау мәселесі бойынша комитетің бір жылдық жұмысы қанағаттаналы деп бағаланып, Ата-аналар комитеті төрағасы және мүшелері толығымен қайта сайлансын деген ұсыныстар түсті. Ұсыныс қолға салынып бір ауыздан қолданып:

1. С.Қурбанбаев – Ата-аналар комитетінің төрағасы
2. А.Байпакова мүшесі
3. Д.Пайзуллаева мүшесі
4. Г.Жунешова мүшесі
5. Ғ.Егембердиев хатшысы етіп сайланды.

Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Д.Пайзуллаева, Қ.Зарипов, Х.Пайзенов, Ю.Егембердиев, Г.Асетовалар өздерінің оң пікірін білдіріп, жоғарыда айтылған мәселелерге өз ұсыныстарын қосып, толығымен қолдайтындықтарын білдірді.

Қортынды сөзді ДТІЖО С.Жаппаров алып, ата-аналарға бала құқығы, баланың алдындағы ата-ананың міндетерін білу, заңды білу және заңға бағыну әр бір Қазақстан Республикасы азаматының парызы. Қазақстан елі тәуелсіздік алған аз уақыт ішінде еліміз таңғажайып табыстарға қол жеткізіп, қарқынды даму үстінде. Осындай мүмкіндікті пайдаланып, балаларымыз жақсы оқып, еліміздің дамуына үлес қосатын азамат болулары керек. –деген сөзбен қортындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектеп оқушылары және ата-аналар, оқытушы-қызметкерлер арасында жазғы мектепті ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын.

2. Оқу жылы аяқталынуыға байланысты 25 мамыр «Соңы қоңырау» мерекесін мектеп ұжымы және ата-аналардың басшылығында, жоғарыда аталған тармақтарды басшылыққа ала отырып, атап өткізілсін.
3. Жаңа 2021 - 2022 оқу жылына оқушылар формасы: «Алатау текстиль» фирмасы өнімдерінің № 1 үлгісі бойынша бірыңғай мектеп формасы деп белгіленсін.
4. Оқушылардың жазғы демалысын сауықтыру жұмыстары бойынша ата-аналар мен оқушылар арасында түсідіру, насихаттау жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне жүктеліп, мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс күшейтірілсін.

5. Жаңа 2022 – 2023 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамы төмендегідей болып бекітілсін:

1. С.Қурбанбаев – Ата-аналар комитетінің төрағасы
2. А.Байпақова - мүшесі
3. Д.Пайзуллаева - мүшесі
4. Г.Жунешова - мүшесі
5. Ғ.Егембердиев - хатшысы

Жиналыс төрағасы:  М.Изатуллаева.

Хатшысы:  М.Ибадуллаева.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

Білінісіне: *Баланың бос уақытын тиімді
ұйымдастыру және қадағалау.*

Дайындаған : Д.Жунашов

Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қадағалау.

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру барша қауымның ортақ ісі. Жас жеткіншектің жан – жақты болып өсуі тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Сондықтан оқушыларды тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстарға көңіл бөлу керек. Дұрыс тәрбие – балаға өмір бойы азық.

Мектептен тыс уақытта



Метаздар ұйымы, ата – аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп, өткізуге көмектесу керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру оңай мәселе емес екендігі анық. Мұның қиындығы балалардың бос уақытын ұйымдастыру тәсілдерінің сан қилылығына байланысты.

Біз практикалық және теориялық ісімізде әр жағдайға байланысты мәселенің әр қырынан келіп, әрқилы тәсіл таба білуіміз қажет. Сонымен оқушының бос уақытын тиімді пайдалану үшін ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылландуды ұнататындығын, қабілеттерін зерттеп біліп алуымыз керек.

Бос уақытты тиімді пайдалану ұйымшылдыққа, мейірімділікке, сыйластыққа, қамқорлыққа үйретеді. Бірін – бірі шеттетпейді. Ортаға үйренеді.

Бос кездерде мектепке шақырып, балаларға шахматтан, доптан, спорт түрлерінен жарыстар өткізуге болады. Сабак уақытындағы үзіліс кездерінде шахмат, тоғызқұмалақ ойнауға, ертегі оқуға болады.

Балаларды кішкентайынан тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерінің бірі шығармашылыққа жүгіну. Балаларды адамгершілікке, әдемілікке тәрбиелеуде көркем шығармалардың маңызы зор. Баланың ой – санасын дамытуға, мінез – құлықтарымен қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге, көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс – әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе бастауыш сыныптың балалары өздерінің жас шамаларына қарай ертегі, аңыз ертегілерді, батырлар туралы жырларды сүйсініп оқиды. Балаларға ертегілер оқып беріп, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Қазіргі қысқы, көктемгі каникул кезеңдерінде баланың икеміне қарай үйге сурет салуға, шығарма жазуға, кітап оқуға, кесте тігуге, тоқыма тоқуға тапсырма берілмесе, бұл да баланың бос уақытын текке өткізбей, пайдалы іспен айналысуға септігін тигізеді.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» - деп ұлы ғалым – философ Әбу Насыр Әл – Фараби айтқандай балаға жан – жақты тәрбие беру біздің басты парызымыз. Өйткені бала тек ата – ананың баласы емес, ұлттың ертеңі. Мұғалім баланың екінші ата – анасы, өйткені ұстаз баға жетпес тұлға.

Балашегіміз деп отырған ұрпақтарымызды, яғни әрбір отбасында өсіп, тәрбиеленіп отырған балаларымызды бүгінгі күн талабына лайық етіп тәрбиелеу барлық мектептің басты мақсатымыз. « Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, ұстаздар да, отбасы да баланың тәрбиесіне селсоқтық танытпай, бірге жұмыс жасауы тиімді болмақ ».

Қазіргі XXI ғасыр – білім – ғылымның, техниканың күшті дамыған кезеңі. Қазіргі мектеп партасында отырған оқушы ақпарат көзінің барлық түрін жетік біледі және пайдалануға болады. Компьютер, ғаламтор, ұялы байланыс оқушының кітап оқуға деген құлшынысын төмендетіп отыр. Сондықтан да педагогтар баланың жас ерекшелігін ескіріп ала отырып, оның психологиялық ерекшелігін, отбасы жағдайын да назардан тыс қалдырмауы тиіс.

Бүгінгі мектеп партасындағы жас ұрпақ еліміздің ертеңгі болашағы, дей келе мектеп бізде сабақтан тыс үйірмелер ұйымдастырылған:

1. Асық ату, бес тас Хайруллаев Бахадир
2. Керіл атлетика Хайруллаев Бахадир
3. Шахмат Абилаев С
4. Қол добы Абилаев С
5. Тоныз күмалақ Егембердиев Г
6. Баскетбол Егембердиев Г
7. Ватерполь Джурашов С
8. Футбол Джурашов С
9. Стол теннис Исаков А
10. Әкіери патриоттық «Зерде клубы» Мажитов Ш
11. Ойкетанушылар Давлатова Ш
12. Жас тарихшылар Асетова Г
13. Жас әдебиетшілер Егембердиева М
14. Көпкем жазу Абдумуратова У
15. Орыс тілі Абдукаримов Х мұғалімдері жұмыстарын атқаруда.



Ата-аналар кеңесі жұмысының есебі

Қосқорған жалпы орта мектебінде ата-ана - бала тәрбиесіндегі басты тұлға екенін ескере отырып, ата-аналар кеңесінің оқу жылына арналған жалдық жоспары жасалып бекітілген. Жоспарға сәйкес мектептің жалпы аталар жиналысы жылына екі рет қыркүйек, қаңтар айларында өткізіледі. Жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналар төрағасы болып Әметов Әріпжан сайланған. Жылына екі рет атаналармен «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада», «Оқушының бос уақыты» тақырыптарында сауалнамалар, психологиялық қолдау көрсету, дөңгелек үстел, отбасылық кеңес, пікір-сайыс ата-аналар комитетінің отырыстары өткізіледі. Оқушыларғы жүйелі тәрбие беру жолында барлық ата-аналарды белсенді жұмылдыру үшін түрлі іс-шараларды бірлесіп жоспарлап, ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді жолдары қарастырылған. Ата-аналар баланың бойында табылған жағымды қасиеттерді арттыру үшін оның әрбір ісіне мән бере отырып, жетістіктеріне мән бере қуанып, кемшілігін толықтыруға ықпал етіп отыруы тиіс. Сонда ғана оқушының бойындағы шығармашылық қабілеті артып, өз бойындағы жағымды қасиеттерін, ішкі жылуын, қоршаған ортасына беруге тырысады. Сондықтан әр баланың күнделікті жүріс-тұрысын, сабаққа дайындалуын бақылап, сабаққа қатысуынан хабрдар болуы керек. Мектепте балаларын күнделікті бақылап, оқуларын қадағалап, мектепке келіп мұғалімдерімен кездесіп, сұхбаттасып, тұратын ата-аналарымыз баршылық. Мектепте ата-аналар комитетінің қатысуымен «Өнегелі отбасы» «Толағай», «Әке-шешем және мен» отбасылық сайыстар мен «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» атты тренинг сабақтар өткізілді.

Мектеп директоры



Т.Басанов

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі ата-аналар кеңесінің 2020-2021 оқу жылы

барысында атқарған жұмысының жарты жылдық есебі

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға екенін ескере отырып, ата-аналар кеңесінің оқу жылына арналған жылдық жоспары жасап бекітілген. Жоспарға сәйкес мектептің жалпы қыркүйек айында өткіліп, ата-аналар төрағасы және оның мүшелері қайта байланды. Ата-аналар кеңесінің төрағасы болып Абдумуратов Илхамжан сайланды. Жарты жылдық барысында ата-аналармен «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада», «Баланың бос уақыты» тақырыптарында сауалнамалар, психологиялық қолдау көрсету, отбасылық кеңестер, пікір алмасу, ата-аналар комитетінің қашықтықтан санитариялық режимдерін сақтай отырып ұйымдастырылды. Оқушыларға жүйелі тәрбие беру жолында барлық ата-аналарды белсенді жұмылдыру үшін түрлі іс-шараларды бірлесіп жоспарлап, ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді жолдары қарастырылған. Ата-аналар баланың бойында табылған жағымды қасиеттерін, арттыру үшін оның әрбір ісіне мән бере отырып, жетістіктеріне мән бере қуанып, кемшілігін толықтыруға ықпал етіп отыруы тиіс. Сонда ғана оқушының бойындағы шығармашылық қабілеттері артып, өз бойындағы жағымды қасиеттерін, ішкі жылуын, қоршаған ортасына беруге тырысады. Сондықтан әр баланың күнделікті жүріс-тұрысын, сабаққа дайындалуын бақылап, сабаққа қатысуынан хабардар болып отыруы керек.

Мектепте балаларын күнделікті бақылап, оқуларын қадағалап, мектепке келіп мұғалімдерімен кездесіп, сұхбаттасып тұратын ата-аналарымыз да баршылық. Мектепте ата-аналар қатысуымен «Өнегелі отбасы», «Біздің отбасымыз» тақырыптарында қашықтықтан оқыту форматында, «Ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілерсің» атты тренинг сабақтар өткізілді.

Мектеп ата-аналар кеңесінің жарты жылдық атқарған жұмыстары жалпы ата-аналар жиналысында оң бағасын алып, ата-аналар тарапынан жақсы деген баға алды.

Мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы:  И. Абдумуратов.